

**8D013 - пәндік арнайы мамандандырусыз педагогтарды
даярлау бағыты бойынша**

**(6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы)
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кожамкулова
Назгуль Сейфулинқызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің
IT арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Қоғамның қазіргі даму кезеңі адам қызметінің барлық салаларына ерекше жылдамдықтағы күшпен әсер етіп, жаһандық ақпараттық кеңістікті құрайтын ақпараттық технологиялардың маңыздылығына тәуелділікті арттыра түсті. Білім беру үдерісін ұйымдастыруды заманауи қамтамасыз ету, яғни IT арқылы едәуір кеңейту және жетілдіру, бұл субъектілердің белсенділігін арттырудың дербес шығармашылығы мен өзіндік іздеу қызметін дамытудың және оқытудың мотивациялық жағын күшейтудің, интеллектуалды әлеуетті қалыптастырудың құрамдас әрі ажырамас бөлшегі ретінде өзектілігін көрсетеді.</p> <p>Бұлай тұжырымдауға толықтай негіз бар: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы; «Интеллектуалды ұлт -2020»; «Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы»; Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдаулары жүзеге асырылып, білім беру ісінде субъективті идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр.</p> <p>Осы маңызды құжаттардың ішінде, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: білім беру жүйесінің (11-бап) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» - деп міндеттерді шешудің тетіктерін табуды ұсынады.</p>

Бұл тұрғыда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында (ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы) бес басым бағыттарының бірі «Адами капиталды дамыту» деп көрсетіледі. Бағдарламадағы адами капиталды дамытудың басқышы білім беру екендігі жоғары мәнге ие және болашақ мамандарды кәсіби даярлауда оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы ІТ мүмкіндіктері жоғары және үлкен өріс беретіні сөзсіз. Бірақ ең бастысы, бұл қиын міндеттерді шешу көбінесе, болашақ мұғалімнің интеллектуалды дайындығына байланысты ақпараттар көлемінің артуы жағдайында жұмыс істеу қабілетінің болуын көздейді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейтін тағы бір құжат: Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы). Аталмыш бағдарламада: «...Білім алушының интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» деп міндеттер қойылады.

«Интеллектуалды ұлт -2020» атты ұлттық жобадағы басты идеяның – білім алушыларға жаңа үлгідегі тәрбие мен білім беру, Қазақстанды әлемдегі ең интеллектуалды, бәсекеге қабілетті адами капиталға ие елге айналдыру» - деп нақтылануы интеллектуалды ұлт болу үшін болашақ маманның ғылыми, кәсіби, мәдени ақпаратына, білімі және біліктілігіне, ІТ тұрғыдағы мобильділігіне, ойлау және шығармашылық қабілеттілігіне, яғни интеллектуалды акт құрастыруына баса назар аудару қажеттігінен туындап отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты: Халыққа Жолдауында: «**Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған тұлғалар санын көбейту керек**» - деп атап көрсетті. Ендеше бұл жолдау ЖОО-ның тұрақты дамуына септігін тигізері анық.

Жоғарыда айтылған білім берудің заңнамалық құжаттарына сәйкес беріліп отырған міндеттер мен бағыттар «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру» атты

